«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығына 33 - қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнының) үлгілік оқу жоспары»;



11-сыныпта білім беру процесі:

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығына 100-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары»;

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 102-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» қолданылды.

**2022-2023 оқу жылында** Талдысай жалпы орта білім беретін мектеп» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалды:

1) 1-4- сыныптарда білім беру процесі:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2-қосымшасы «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 2-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша (2-тарау) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша (11-тарау) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл – ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары



2) 5-9-сыныптарда білім беру процесі:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 7-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

10-11 сыныпта білім беру процесі:

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 88-қосымша «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары».

2020-2021, 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 1 сыныптар - 33 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты 1 сыныптар 35 аптамен сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары қаралған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралап сабақ кестесі құрылған (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығы). Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Сабақ кестесін құрған кезде 1 күн және 1 аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілген және осы санитариялық қағидаларының 4- қосымшасына сәйкес, қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін оқу жүктемесінің нормалары осы санитариялық қағидалардың 3- қосымшасына сәйкес



	<p>сақталған. I ауысым сабақ таңғы 8:00-де, II ауысым 14:00- де басталады. Сабақтың ұзақтығы - 45 минут. Үзіліс уақыты талапқа сай, үлкен үзіліс 15 минут сақталған (қосымша 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында сабақ кестесінің көшірмесі берілген).</p>
4.2	<p style="text-align: center;"><b>Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;</b></p> <p>Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған. 10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрық) негізінде оқытылған.</p> <p>Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастыруда оқу бағдарламасы пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Ұзақ мерзімді жоспарға сыныптар мен тоқсандар бойынша оқыту мақсаттары енгізілген. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалады. Әр тоқсанның немесе бөлімнің тақырыптары көрсетілген. Сонымен қатар дағдылар, оқыту мақсаттары, сабақта ұсынылатын іс-әрекет түрлері, оқу ресурстары берілген. Күнтізбелік - тақырыптық жоспарларда сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген, уақытылы электрондық журналға жүктелген.</p> <p>Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасының күнтізбелік-тақырыптық жоспары, kundelik.kz журналы сәйкес, нормативтен ауытқушылық жоқ. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.</p> <p>2022-2023 оқу жылы бойынша: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастыруда оқу бағдарламасы пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Ұзақ мерзімді жоспарға сыныптар мен тоқсандар бойынша оқыту мақсаттары енгізілген. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалған. Әр тоқсанның, бөлімнің тақырыптары көрсетілген. Сонымен қатар дағдылар, оқыту мақсаттары, сабақта ұсынылатын іс-әрекет түрлері, оқу ресурстары берілген. Оқу жоспарының барлық</p>



пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарындағы сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып қаралды. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен құралған. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген.

4.3

***Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сініруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытылуына, әлеуметтенуіне, болашақ маман иесі болып, кәсіби интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған.

**2020-2021 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының мақсаты:** рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Әрбір педагогикалық ұжым өзінің қызметін мақсатқа бағыттап, оның шарттары мен мүмкіндіктері бойынша нақтылауы тиіс.

#### **Тәрбиенің негізгі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 бұйрығы

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;

2. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-



шаралар жоспары. 2019 жылғы 19.08.№ 252 бұйрығы;

**Талдысай ЖОББМ тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:**

XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді тұлғаны қалыптастыру .

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзін-өзі бағалайтын , өзіндік пікірі қалыптасқан , бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеп шығару;

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқитудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымша Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысы ұйымдастырылды. Барлық класс жетекшілер тәрбие жұмысының жоспарын құрып, бекітті. Барлық сыныптардағы оқушыларға тәрбие сағаты қашықтықтан оқытылды. Ватсап, зум платформалары және «онлайн-мектеп» платформасы қолданылды.

2020-2021 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары бойынша өткізілген іс-шаралар оқушыларды патриоттық сезімін тереңдету мақсатында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналды. 2021 жылдың қаңтар айы мен желтоқсан айы аралығында «30 қайырымды іс» акциясы бойынша 30 шара өтті.

Қаңтар айында «Тәуелсіздікке 30 жыл- қайырымдылыққа үлес қос» атты ашылу салтанаты өтті. Әр сынып оқушылары тақырыптық тәрбие сағаттарын, түрлі қайырымдылық акциялар ұйымдастырды.

Оқу жылының басталуына арналған алғашқы сабақтар онлайн форматта өтті. 1-4-класс оқушылары үшін кезекші класс болып мектепте оқуына байланысты дәстүрлі түрде ұйымдастырылды. Әр буын арасында төмендегідей тақырыпта өтті.

1 қыркүйек күні МАД топтарында, 1-4-класс «Денсаулық сағаттары» тақырыбында;

5-7-класс «ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған»;

8-11-класс «Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған алғашқы сабақтарын өткізу.

ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай кітапханашы Г.О. Абдиханова Н.Ә. Назарбаевтың өмір деректеріне , кітаптарынан көрме ұйымдастырды.

Үзіліс кезінде оқушыларға бейне материалдар көрсетілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық қолөнерді дамыту мақсатында «Сымбат» қыздар клубының мүшелері тігіншілік кәсібімен айналысып отырған ауылымыздағы жеке кәсіпкер ана Тұрмағанбетова Г кездесуге барды. Гүлсім апай өз кәсібімен таныстырып, 16 жасқа дейінгі жасөспірім қыздарды тегін оқуға шақырды. Тігіншілік, тігін түрлері, тігін машина түрлерімен таныстырды. Өз қолымен тіккен көрпе, жапқыштарын көрсетті.

ҚР Тәуелсіздігі күніне орай мектепте «Ер елі үшін туады» атты кездесу сағаты өтті. Мектебіміздің түлектері , Кеңес одағы кезінде Германияда әскери борышын өтеген азаматтарға Ресей Федерациясында тұратын мектебіміздің түлегі, запастағы офицер , зейнеткер Новиков В.Г «25 лет Советских войск из Германии» медалін арнайы жіберген болатын. Кездесу барысында иелеріне медальдары табысталып, оқушылар өз өнерлерін тарту етті.



15 ақпан күні Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылған күніне орай 7 б-классында «В жизни всегда есть место подвигу» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сабаққа шекаршы қызметкер Базарғалиев К қатысты. Оқушылар бейбіт күнде ерлік істерімен танылып жүрген мамандық иелері туралы видеолар дайындап, Ауған соғысы туралы мәліметтермен таныстырды.

Ұлыстың Ұлы күніне орай «Қайсар» ұлдар клубының мүшелерімен тәрбие ісінің орынбасары Мукашева К.С «Жеті атаңды білесің бе?» тақырыбында танымдық сабақ өтті. Сабақ барысында 7 ата туралы түсінік беріліп, оқушылар өздерінің 7 аталарын атап шықты. Сабақ соңында клуб жетекшісі Кургулин М спорттық жарыс өткізді.

Ұлыстың Ұлы күніне орай 1-4-сынып оқушыларының аталарының арасында «Атамның ақ батасы» бата айтудан жарыс өтті. Бұл сайысқа 1а, 2а,4ә-кластарынан аталар қатысты. Сайыс барысында аталар бата туралы ой бөлісіп, сұрақтарға жауап беріп, жеребе бойынша түскен баталарын жатқа айтты.

Қорытындысы бойынша : «Өнегелі қария»Толтаев Ж. « Батағөй қария»Ходуяров Ө , «Қазыналы қария»Есенгелдин М ие болды.

Наурыз мерекесіне орай Жармедетов А.Қ тоғызқұмалақ жарысын өткізді.

Ұлдар арасында : 1 орын Бақытқали Н,2 орын Еламанов Е,3 орын Бақытқали А.

Қыздар арасында: 1 орын Әлімжанова А, 2 орын Қуанышбаева А,3 орын Ермакова Д.

Наурыз мерекесіне орай дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Сырмаханов Ш.Қ 5-7-класс ер балаларының арасында «Асық ату» жарысын өткізді. Жарыс қорытындысы бойынша 1 орын Ерахмет А 7а, 2 орын Ерахмет Ө 7ә,3 орын Сәкенәй Е, қатысқаны үшін ба-класс оқушысы Ерахмет А марапатталынды.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өзін табуына, Отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дағдына мүмкіндік береді.

2020-2021 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды. Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы оқушы саны-287 оқушы. 2020-2021 оқу жылының Тәуелсіздік күні қарсаңында «Жас Ұланға» қабылданатын оқушылар мәліметі жинақталып, 25 оқушы «Жас Қыранға» , ал 32 оқушы –«Жас Ұланға» қабылданды.

2021 жылы сәуір айында Мектеп Парламенті Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың бірыңғай моделі құрылды.

**Парламенттің мақсаты:** білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп Парламенті тұжырымдамасы басшылыққа алынып, мектепішілік өзін-өзі басқару ұйымының құрылымы жасқталды. Құрамы бекітілді. Парламент Президенті, фракцияға жауапты тьюторлары мен басшы оқушылары бекітілді. Жұмыс жоспары жасалды.

### **2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспары құрылды.**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, руханиадамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады.



**Іске асырылатын жобалар:**

- «Оқуға құштар мектеп»
- «Құқықтық сана-қауымға пана»
- «Қоғамға қызмет»
- «Дәстүр мен ғұрып»
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- «Дебат қозғалысы»
- «Мектептің өзін-өзі басқаруы –«Жас ұлан» ұйымы
- «Отбасы-мектеп»-ата-анамен жұмыс
- «Еңбек –елдің мұраты»
- «Салауатты өмір салтын сақтау»
- «Музей сабақтары»

**Мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:** Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – Балалар жылы» деп жариялады. «Балалар – мемлекетіміздің болашағының кепілі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін», – деді ҚР Президенті. Өткізілген әрбір шара Балалар жылына арналып өткізілді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында алғашқы тәрбие сағаттары өтті. Оқушыларға 30 жыл болған еліміздің жетістіктері баяндалып, видеолар көрсетіліп, оқушылар ой бөлісіп, түрлі сұрақтарға жауап берулер ұйымдастырылды. Барлық кластарда сабақтар толық өтті. Тақырыпқа сай кабинеттерде көрнекіліктер, суреттер, плакаттар ілінді.

**«Құқықтық сана-қоғамға пана» жобасы бойынша және 20 қараша Бала құқықтарын қорғау күніне орай жоспар құрылып, бірнеше шаралар өтті.** Қараша айында мектептің 10-11-с оқушыларына арнап тәрбие ісінің орынбасары, психолог, әлеуметтік педагог бірлесіп отырып «Бала құқығы-асыл қазына» атты сабақ өткізді. Сабақ барысында «Бала құқығы» туралы презентация, бербуллингтен өзінді сақтау, Зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы бейне-баяндар өтілді, жадынамалар таратылды. Оқушымен ой-бөлісу сәті өтті.

«Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбында барлық кластарда тәрбие сағаттары өтті. Психолог Сакенай С «Менің құқығым мен міндеттерім» атты 8а,8ә- сынып оқушыларымен тренинг өткізді.

ба-класс оқушыларымен әлеуметтік педагог Ишаулова Г.М, класс жетекшісі Тышимова Г.Т «Бала құқығы –адам құқығы» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. «Қатігездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» видео-роликтер байқауы /әр класс 1 видео тапсыруы керек/ болатын. В-ролик жасаған кластар 9б,10б,11б-класының оқушылары.

«Бақытты ана-бақытты бала-бақытты отбасы-бақытты ел» тақырыбында тәрбие ісінің орынбасары Мукашева К.С, әлеуметтік педагог Ишаулова Г.М, психолог Сакенай С.Е көп балалы аналармен кездесу өткізді. 14 ана қатысты. Кездесу барысында аналарға кеңес беру, видеолар көрсетілді. Аналарға отбасында балаға зорлық көрсетілмеу керектігі, әлімжеттік жасалмауы туралы айтылды.

**«Шанырақ» жобасы, «Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы**

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Мектептің дәлізіне «Мектебіміздің жетістігі-еліміздің ігі» бұрышы жасалды..



« Шаңырақ» жобасы бойынша бекітілген шаңырақ мүшелері өздерінің жетістіктерін бұрышқа толықтырды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мектеп мұғалімдері арасында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты конференция өтті.

Конференцияның мақсаты: 1991 ж талдысай мектебінде қазақ кластарының 1-класы ашылып, 10 оқушы қабылданған. Биылғы жылы қазақ кластарының ашылғанына 30 жыл.

Конференция бағдарламасы:

Ашылу салтанаты, «Сыр-сұхбат» бөлімі, Баяндамалар

«Тәуелсіздікке 30 жыл» тарих пәнінің мұғалімі Тышимова Г.Т

« Мектебімнің жетістігі-елімнің жетістігі» мектеп директоры Биртаева С.Б

« Тәуелсіз елдің ұстазымын» ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Якимова С.С

«Жаңалыққа жаны құмар жаңашыл мұғалім» ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кушқумбаева А.Ж

Конференцияға АББ-нің кәсіподақ ұйымы төрағасы қатысып, марапаттап жасады.

АӘД пәнінің мұғалімі Алкенов Ж.Б «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты әскери-патриоттық сайыс өткізді. Сайысқа 7а-8а-8ә-9а-класс оқушылары қатысты.

**«Балалар және театр» жобасы аясында** 28 наурыз күні оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында “Театрға саяхат” атты театр күніне орай мағұлмат айтылды.

Алдын ала 27 наурыз халықаралық театр күні екені айтылып. Витуалды облыстық театрларға көрме жасалды, театр дегенге тоқталып артынша нақты теарт жөнінде толықтай мағұлматтар беріліп, қорытындылау мақсатын сұрақ-жауап тәсілі қолданылды. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Талдысай ЖОББМ-де “Балалар және театр” ағартушылық жобасы аясында Балалар жылына орай “Ең үздік театр-2022” байқауы өтті. Байқауға 10 театр қатысып, сахна мәдениеті мен шеберлігін жоғары дәрежеде көрсеткені үшін жүлделі орындармен номинацияларға ие болды.

Талдысай ЖОББМ-нің атынан “Петрушка” театры 1 –орын, Жетекшісі Калиева А.Т

“Қуыршақ театры” 2-орынға ие болды. Жетекшісі Суликова А.О

**«Музей сабақтары» жобасы** «Мұражайдағы 1 күн» аудандық мұражайға саяхатқа 1 сынып оқушылары барды. Музей экспонат- онат тары оқушыларға таныстырылды. Демалыс күнінде оқушылардың сұранысымен 2б,3б,4б-класс оқушылары класс жетекшілерімен мұражайға барды. Ауданымызда орналасқан «Достық» мұражайында көптеген экспонаттар бар, тарихи адамдар туралы көрмелер, ұлттық бұрыш, тұрмыстық заттар оқушылар үшін қызықты болды. Мұражай және мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

3-класс жетекшісі Слюсарь Р.П «Что мы знаем о музеях нашей области?» тақырыбында тәрбие ын өткізді.

Ұлы Жеңіс күні мерекесі қарсаңында мектептің «Ерлік» мұражайына оқушылар үшін экскурсия сабақтары ұйымдастырылды.

9 маусым күні жазғы мектеп оқушылары аудан орталығына Т.Жүргенов ауылына саяхатқа барып келді.

Класс: 8А,Ә. Оқушылар саны: 26. Аудан орталығындағы ' Достық ' мұражайына барып, көптеген мұрағаттармен танысты. Оқушыларға мұражай қызметкері көптеген мәліметтерді таныстырды. Содан соң аудан орталығындағы жаңадан ашылған кітапханаға бардық. Кітапхана іші заманға сай



жабдықталған. Балаларға арналған бөлімдері бар. Саяхат оқушыларға ұнады.

Жазғы мектептің 5,8,10-класс Ақтөбе қаласына 3 күндік саяхатқа барып келді. Олар Ақтөбе қаласындағы және Ақтөбе облысына қарасты мұражайлар мен тарихи ескерткіштерге барды. Оқушылар Әйтеке би ескерткішіне, қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке, Әбілқайыр хан ескерткішіне, Әлия Молдағұлованың мұражайына, «Руханият» мұражайына және «Планетарий» орталығына саяхат жасады. Ұйымдастырушы тарих пәнінің мұғалімі Захаренкова Н.К.

**«Дәстүр мен ғұрып»** жобасы. Оқушыларға ұлттық тәрбие беру бағытында «Ою ойып,сырмақ сырған аналармен кездесу» өтті. Кездесу 8-наурыз мерекесі қасаңында ұйымдастырылды.

Кездесуге ауылымыздың тігінші, жеке кәсіпкер аналары Тұрмағанбетова Г, Исақова Ә, Айтмағанбетова А, мектебіміздің технология пәнінің мұғалімі, шебер анан Кимағанбетова А.Б шақырылды. Кездесу барысында аналармен сұхбаттасу сәті өтті. Келесі бөлімде аналарымын өздерінің қолынан шыққан бұйымдарынан көрме көрсетіп, жасау жолын түсіндіру үшін шеберлік сағатын өткізді. Гүлсім апай оюды қалай көмкеріп тігуді көрсетсе, Әсем апай дайын оюды үтіктің қызуымен қалай орналастыруға болатынын, Айнұр апай құрақ құраудың әдісін, Амина апай ұршық иіруден шеберліктерін көрсетті. Кездесу оқушы қыздарымыз үшін маңызды болды. Мектеп директоры Биртаева С.Б аналарымызға алғыс білдіріп, сыйлық табыс етті.

15 Наурыз Бата күніне орай "Ата жолы-ақ бата" сайысы өтті.

Сайыс 8-10 класс ер балалары арасында ұйымдастырылды.

Сайыс кезеңдері: Наурыз батасын айту. Мақалды жалғастыр. Сұрақ-жауап. Өз қалауы бойынша бата беру.

Қорытындысы бойынша:

1 орын - Еламан Е 8А класс оқушысы

2 орын - Амангелдин Ә 9А класс оқушысы

3 орын - Зарифолла Д 10А класс оқушысы,

8Ә класс оқушысы Ерахмет Ә белсене қатысқаны үшін марапатталды.

Сайысқа әділ-қазы болуға ауылымыздың ақсақалы Ходуяров Ә, ұлдар клубының жетекшісі

Кургулин М, музыка пәнінің мұғалімі Жәмиев З шақырылды.

20-наурыз "Шаттық күніне" орай мектебімізде ауылдар сайысы өткізілді.

Сайыстың мақсаты қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптеу.

Сайысқа 3 ауыл қатысты. Ауылдардың құрамында ата-ана, мұғалімдер мен оқушылар болды.

Бастауыш 1-4 класс - "БЕРЕКЕ АУЫЛЫ"

Орта буын 5-8 класс - "АБАЙ АУЫЛЫ"

Жоғарғы буын 9-11 класс - "ӘЙТЕКЕ БИ АУЫЛЫ"

Сайыс 3 шарттан тұрды.

1. Таныстыру

2. Ауылдың ауызбіршілігі (сырт бейнесі, үйлесімділігі)

3. Өз өнері(көрініс, би,ән)

Қорытынды бойынша:

1 орын- "БЕРЕКЕ АУЫЛЫ" 10 000 тг сертификат

2 орын- "АБАЙ АУЫЛЫ" 7000 тг сертификат

3 орын - "ӘЙТЕКЕ БИ АУЫЛЫ" 6000 тг сертификат

Сонымен қатар қазақтың ұлттық ойындар "Оқтау тарту" мен "Арқан тарту" жарысы болды.



8 ақпан күні «Әкем және мен» атты футболдан жарыс өтті.

Мақсаты: - Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлінің маңыздылығын таныту

- Жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттыру

- Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Жарыс «2022 жыл — Балалар жылына» арналды. 5-6 класс оқушыларынан 4 команда қатысты.

Қорытынды бойынша:

1 орын — «Мектеп» командасы 6А –класы атынан Қожабек Ә, Сәкенаев Е, Сырмаханов Ш, Бимаганбетов Е.

2 орын — «Талдысай» командасы 6А-класы атынан Төлегенов Е, Күнтуғанов А, Жангабулов А, Искаков К

3 орын — «Жалын» командасы 5 класс атынан Хасенов Т, Ермаков Д, Ахметов С, Ермаков Д  
Белсенділік көрсетіп қатысқаны үшін — «Ауыл» командасы 5А- класс Сембай Ж, Қайырхан А, Картбаев Б, Шымбергенов Н

1. «Үздік қақпашы» — Шынбергенов Н

2. «Үздік ойыншы» — Сәкенаев Е

3. «Үздік қорғаушы» — Ахметов С

"Балалар жылына" орай 17 наурыз күні "Ұлттық спорт күніне" қазақ күресінен 2009-10, 2011-12ж.т кіші жасөспірімдер арасындағы мектебімізде ашық біріншілік өткізілді.

10-12 наурыз күндері қазақтың ұлттық ойындарының бірі тоғызқұмалақтан Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесіне орай жарыс ұйымдастырылды.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай қазақтың ұлттық ойыны "Бес асық" (қыздар) және "Асық ату" (ер балалар) ойындар өткізілді.


2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамасы негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. /ӘНХ,2022-2023оқу жылы/

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

«Шаңырақ» жобасы 2019 жылдан бері жүргізіліп келеді. 2022-2023 оқу жылында «Шаңырақ» қауымдастығы жаңартылып, қайта құрылды.




## «ШАҢЫРАҚ» ОҚУШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



Мектептегі оқушылар, мұғалімдер және ата- аналар арасында ынтымақтастық, креативті орта, өзара құрмет, командалық рух қалыптастыруға бағытталған.

2022-2023 оқу жылында  
9 «Шаңырақ» қауымдастығы бар

Әр «Шаңырақ» қауымдастығының эмблемасы, ұстанымы бар



ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Шаңырақ» жобасымен біріктірілген кластар арасында тәрбие сағаттары өтті. Шаңырақ «Здоровое поколение» 9 "б"; 10 "б"; 11 "б" классов. Тема классного часа: "Мой Казахстан - моя гордость". Классный час прошел в виде интеллектуальной игры. Учащиеся читали стихи, принимали участие в таких конкурсах как:

Тәуелсіздік күніне арналған «Еліміздің еркіндігі-Тәуелсіздік» атты 5 а, 6а, 6б кластар арасында "Барыс" шаңырағы тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатын әнұранмен бастап, Желтоқсан оқиғасының тарихы туралы бейне материал көрсетіліп, елі үшін құрбан болған жандар туралы мағлұматтар беріліп, үнсіздік жарияланып, елі үшін құрбан болған жандарды еске алып, әрі қарай постерлер қорғалып, оқушылар белсенділік танытып, өз пікірлерімен бөлісіп, тәрбие сағатын "Қазақстан бақытты" әнімен аяқтады.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік мерекесіне орай «Дружба» шаңырағы 2Б, 3Б, 4Б класс оқушыларымен өткен тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар таныстырылым қарап, сұрақтарға жауап беріп, ойында ойнатылып, ән орындап, би биледі.

Тәуелсіздік мерекесіне орай «Патриот» шаңырағы 5Б, 6Б, 7Б кластарында өткен тәрбие сағаты өтті. Кластар топқа бөлініп, постер қорғап, сұрақтарға жауап беріп, ән орындады.

Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік еліміздің ерлік жолы» атты 10"А" класс оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел Тәуелсіздікке жету жолындағы қиын оқиғаларды бейнематериалдар арқылы танумен басталып, «Желтоқсан «оқиғасында құрбан болған аға-апаларымызды үнсіздікпен еске алумен жалғасты.

Оқушылар жүрекпен сезініп «Қарабауыр қасқалдақ» әнімен сол заманды естеріне бір түсіріп алды. Дөңгелек үстел оқушылардың көкейлеріндегі сұрақтарын талқылаумен жалғасқан еді.

Оқушылардың сұрақтарына сол заманды көріп, сол заманның буын сезінген Турежанова Т., Мукашева К.С жауап беріп, оқушылардың сұрақтарын қанағаттандырған еді. Оқушылар осындай қиын жолмен келген 31- жылдық тарихы бар Тәуелсіздігімізді сезініп, Тәуелсіздікте жеткен жетістіктеріміз бір саралап, Тәуелсіздігімізді мақтан тұта отырып «Көк тудың желбіргені» әнімен



дөңгелек үстелді қорытындылаған еді.

Оқу жылы басында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» акциясы жоспарланды. Әр сыныпқа бір кітаптан бөлініп берілді. Оқу жылының 1 жарты жылдығында класс оқушылары осы кітапты оқып, соңында қорытынды іс-шарасын өткізу тапсырырылды. Осы акция барысында қазан айында ба-бә-класс жетекшілері Жумалина З.М, Тәженова А.Ү оқушыларымен бірге «Абай оқуы» байқауын ұйымдастырды. Оқушылары Абай өлеңдерін жатқа оқыды. Үздік оқушылар марапатталынды.

5а-класында класс жетекшісі Сырмаханова Л.Қ «Даланың дара ұстазы» атты сыныптан тыс шара өткізді. Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы таныстырып, оқушылар өлеңін оқып, әңгімелерінен көрініс қойды.

3б-4б-класс жетекшілері Лыкова С.Ф, Слюсарь Р.П «В гостях у сказки» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Оқушылар бірнеше тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

«Оқуға құштар мектеп жобасы» - 2022 жылғы Ұлы тұлғалардың атаулы жылдарымен байланыстырып, 28.11-2.12 аралығында филология ӘБ «Тіл-достықтың кілті, ынтымақтастықтың белгісі» атты апталық өтті. Апталықты қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері өткізді.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері жармедетова Ж.Қ Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына орай «Қазыбек би-кеменгер тұлға» атты танымдық сабақ өткізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Т.К.Турежанова «Ғабит Мүсірепов-көркем сөз зергері» тақырыбында танымдық сабақ өткізді.

Сабаққа 10-11 класс оқушылары қатысып, белсенділік танытты. Сабақ барысында атақты қаламгер туралы деректер беріліп, оқушылар жазушының «Ұлпан» романы бойынша қойылым көрсетіп, күй тартып, арнау өлеңдер оқыды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К.С.Мукашева апталық барысында Қазақстанның Халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың 100 жыл толу мерейтойына орай "Шыншыл өмір жыршысы" тақырыбында 9ә-класс оқушыларына танымдық сабақ өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дүйсенбаева Гүлнұр Сұлтанғалиқызының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында "Дәуірдің жарық жұлдызы- Ахмет Байтұрсынұлы" тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді. Сайыс барысында оқушылар А.Байтұрсынұлының ғибраты мол мысал аудармаларынан қойылымдар көрсетіп, өлеңдерінен үзінділер жатқа оқыды. Өмір жолдарынан, шығармаларынан сұрақтарға жауап берді.

Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Мен оқыған бір кітап" тақырыбында жас мамандармен 11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, рухани жан дүниелерін кеңейту, оқырман санын арттыру.

Кітапханашы Абдиханова Г.О "Ұлпан" романы туралы әңгімелеп берсе, мектебіміздің жас мамандары Тәженова А, Жумашева Д өздерінің оқыған кітаптарын баяндап, әсерлерімен бөлісті.

Дөңгелек үстел соңында мектеп түлектері мен ұстаздарға сұрақтар қойылды.

Өткізген: Кітапханашы Абдиханова Г.О

Т.Жүргеновтің туғанына 125 жыл «Тарихқа тағзым күні» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді., Т.Жүргеновтің өмірбаянына шолу\ деректі фильм\, Сұрақ –жауап, қорытынды\ өлең, жыр оқу\, Сәуір айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты



апталығы ұйымдастырылды. Жоспар бойынша кластар түрлі шараларға белсегне қатысты.

**Оқу жылы соңындағы қорытынды бойынша «Оқуға құштар мектеп жобасына қатысушы кластар рейтингісі:**

- «Жоғары» 2б,3б,4б,9б,10б,11б,5а,6а,6ә,8а,9а,
- «Орташа» 7а,10а,1а,2а,3а,4а,7б,5б,
- «Қанағаттанарлық »9ә,11а,6б

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша оқушылардың аудандық, облыстық жетістіктері:**

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар әлемі » жобасына, мектебіміздің 7а-сынып оқушысы Ғалымжанқызы Ж « Республикалық балалар байқауының» аудандық кезеңіне қатысып, «Ғасырлар тарихты жырлайды» номинациясы бойынша 1-орын иеленді. Облыстық кезеңнен 3 орын иеленді.
- 2.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында « Кітап сүйер оқырман» аудандық байқауына 8-класс оқушысы Тыныштықбаева А қатысып 2 орын иеленді.
3. Сакенай А 9ә-класс оқушысы аудандық М.Ж.Көпейұлы оқуларының аудандық кезеңінде 1 орын, облыстық кезеңде сертификат.
4. Дидарұлы Б 9ә-класс оқушысы аудандық «Жарқын болашақ» байқауының 1 орын жеңіп атып, облыстық кезеңнен сертификат иеленді.

Жыл бойы мектеп оқушылары әдеби оқуларғы үздіксіз қатысып отырды.

**Жетістіктер:**

**2020-2021 оқу жылы**

-2020 жылы Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Алғыс хатымен марапатталынды.  
-2021 жылы аудандық пәндік олимпиада 1 орын .  
Негізгі мектепті бітіруші түлектер арасына 5 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды.

**2021-2022 оқу жылы**

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ең үздік балалар ұйымы» аудандық байқауынан 1 орын.  
4 түлек «Үздік аттестат » иегері, негізгі мектепті бітіруші түлектер арасына 3 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды.

**2022-2023 оқу жылы**

Аудандық пәндік олимпиада 1 орын,  
Аудандық «Жол қозғалысының жас инспекторы» байқауы 3 орын;  
2 түлек «Алтын белгі» иегері, 3 түлек «Үздік аттестат » иегері, негізгі мектепті бітіруші түлектер арасына 3 түлек «Үздік аттестат» иегері атанды.

Мектептің тәрбие жұмысындағы жаңашылдықтар:

1. Пән апталықтарының ерекше форматта ұйымдастырылуы, апталық кезінде оқушылар үшін көңілді үзілістердің ұйымдастырылуы;
2. Мұғалімдердің іс-шаралар ұйымдастырудағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы;
3. Мектеп бітіруші түлектерге арналған арнайы апталықтың ұйымдастырылуы;
4. Ұлттық тәрбие беру бағытында Наурыз мерекесіне орай «Наурыздың жеті кереметі» , «Батырлар» сайысының ұйымдастырылу жоспарындағы кәсіби шеберліктің байқалуы;
5. «Оқуға құштар мектеп » жобасы жұмысының жандандырылуы, оқушылардың жетістікке жетуі;
6. Дәстүрлі «Бозторғай» ән байқауы, «Жоғары сынып оқушысы атандық», «Ауған соғысы



ардагерлерімен кездесу», «Ауыл ардагерлері ескерткішіне тағзым ету» ,«Қарттарға қамқорлық» акциясы, Ұстаздар күніне орай «Дублерь күнін» өткізу, «Студенттермен кездесі» шаралары үздіксіз өткізіледі.

Барлық шаралар тaldysaiorta әлеуметтік парақшасына жарияланып отырды.

4.4 **Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**

Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, танымдық қабілеттерін дамытуға, салауатты өмір сүруге, эстетикалық және еңбекке тәрбиелеуге бағытталған, оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыруға және жобаларды іске асыруға бағытталған спорттық секциялар, клубтар, үйірмелер жұмыс жасайды.

Бұйрықтар «Спорттық секцияларды ашу туралы»

09.09.2020ж №143

03.09.2021ж №131

02.09.2022ж №171

**Спорттық секциялардың ұйымдастырылуы бойынша 3 жыл мониторингісі**

Оқу жылы	Секция саны	Қатысатын оқушы саны	Мектептегі барлық оқушы саны	Қамтылу көрсеткіші
2020-2021	8	207	287	72 пайыз
2021-2022	9+2 /спорт мектебі/	229	293	78 пайыз
2022-2023	10+2 /спорт мектебі/	238	286	83,2 пайыз

Жыл	Спорттық секция атауы	Қатысатын бала саны	Жетекшісі
2020-2021	1.Футбол/аудандық спорт мектебі жанынан/	22	Бөкенбай А
	2.Қазақша күрес/аудандық спорт мектебі жанынан/	35	Көмекбай Ж.А
	3.Шахмат	82	Кушкимбаев Т.Е
	4.Футбол/ұл/	18	Кушкимбаев Т.Е
	5.Волейбол /ұл/	20	Кургулин М.С
	6.Волейбол/қыз/	14	Ишаулов А.М
	7.Тоғызқұмалақ	28	Жармедетов Ә.Қ
	8.Теннис	10	Сырмаханов Ш.Қ
	<b>Барлығы</b>	<b>207</b>	



2021-2022	1.Волейбол/ қыздар/	14	Ишаулов А.
	2.Волейбол /ұлдар/	21	Коргулин М.
	3.Легкой атлетика	20	Слюсарь Р.П
	4.Футзал /қыздар/	30	Ахмет А
	5.Шахмат	28	Кушкумбаев Т.Е
	6.Футбол/ ер бала/	20	КушкимбаевТ.Е
	7.Тоғызқұмалақ	19	Жармедетов А.К
	8.Теннис	6	Ахмет А
	9.Асық	25	Сырмаханов Ш.К
	10.Тоғызқұмалақ /аудандық спорт мектебі жанынан/	12	Жармедетов Ә.Қ
	11.Қазақша күрес/аудандық спорт мектебі жанынан/	34	Көмекбай Ж.А
<b>Барлығы</b>	<b>229</b>		
2022-2023	1.Волейбол/ қыздар/	15	Коргулин М.С
	2.Волейбол/ ұлдар/	20	Коргулин М.С
	3. Легкой атлетика	23	Слюсарь Р.П
	4.Футзал/қыздар/	21	Ахмет А
	5.Шахмат	12	Кушкимбаев Т.Е
	6.Футбол /ұлдар/	20	Кушкимбаев Т.Е
	7. Тоғызқұмалақ	18	Жармедетов А.К
	8. Теннис	10	Ахмет А
	9. Асық	16	Сырмаханов Ш.Қ
	10. Баскетбол	25	Сырмаханов Ш.Қ
	11.Қазақша күрес / аудандық спорт мектебі жанынан/	47	Көмекбай Ж
	12. Тоғызқұмалақ / аудандық спорт мектебі жанынан/	11	Жармедетов А.К
<b>Барлығы</b>	<b>238</b>		



Спорттық секциялардың сабақ кестесі құрылып, бекітіледі. Жыл басында спорттық секцияға қатысушы оқушының ата-анасынан өтініш, қолхат алынады. Жетекшілері қауіпсіздік ережесімен таныстырып, арнайы журналға белгі түсіртеді. Секция барысында оқушылармен жаттығулар жасалып, жарыстарға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында оқушылардың дене тәрбиесі мен салауатты өмір сүруіне бағытталған түрлі спорттық жарыстар, каникул күндерінде мектепшілік лигалар өткізіліп отырады. Жыл соңында «Спортшы класс», «Мектеп спортшысы», «Үздік спорттық секция жетекшісі» анықталады.

### Спорттық секциялар жұмысының тиімділігі

1. Оқушыларды салауатты өмір сүруге тәрбиелейді, оқушы бойындағы қабілетін дамытады.
2. Оқушылар аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуда, жетістіктерге жетуде.

#### Республикалық жетістіктер:

Жыл	Оқушылар	Қатысқан жарысы	Жетістігі
2021-2022	Зарифолла Д	Қазақ күресінен Республикалық чемпионаттан	Зорын
	Амангелдин Ә	Қазақша күрес, Қызылорда қаласы	2 орын
	Қадырбай Ә	Қазақ күресі. Ақмола облысы	3 орын

#### Облыстық жетістіктер:

Жыл	Оқушылар	Қатысқан жарысы	Жетістігі
2021-2022	Алдабергенова А Назарбаева Д Төлегенова А Еділ А Ахметова Ә Шоттыбай М Ғалымжанқызы Н	Облыстық «Теңбіл доп» Ұлттық мектеп лигасында футбол жарысы	3 орын
	Алдабергенова А Назарбаева Д Ахметова Ә	«Балалар жылы» аясында 23-28 наурыз күндері аралығында өткен 22 облыстық спартакиада футбол /қыз балалар/	2 орын
	Қуандық А	Облыстық чемпионат қазақ күресі	2 орын
	Амангелдин Ә	Облыстық чемпионат қазақ күресі	3 орын
	Қадырбаев Ә	Облыстық чемпионат қазақ күресі	2 орын
2022-	Қуандық А	Облыстық чемпионат қазақ күресі	2 орын



<b>2023</b>		күресі	
	Бежан Е Сакенай А Скороходова В Ерахмет А	Облыстық жеңіл атлетика /қыздар/	2орын
	Морец А Ораз А Лямов К Бақытқали А	Облыстық жеңіл атлетика /ұлдар/	2 орын
	Асқарқызы Н	Облыстық тоғызқұмалақ	Мадақтама

**Аудандық жетістіктер:**

<b>Жыл</b>	<b>Оқушылар</b>	<b>Мекеме және сайыстарың атауы</b>	<b>Жетістігі</b>
<b>2020-2021</b>	Бигелдіқызы А Еділ А Бежан Е	«Мерген ару» сайысы	1 орын
	Әлімжанова А	Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған Р.Калиев атындағы шахмат жүлдесі	3 орын
	Тулегенов Е Әлімжанова А Зарифолла Д	Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған Абай атындағы ЖОББМ жүлдесі үшін шахмат жарысы,  Б.Құдайбергенұлы атындағы шахмат жарысы	2 орын  3 орын
	Бигелдіқызы А Алтынбекқызы Қ Әлімжанова А Сакенай А Бежан Е Русланова Р Бежан А	Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған Қ.Көкөзов атындағы волейбол жарысы	1 орын
	Ермекова Г Қуанышбаева А Абуғалиева А ЕрахметФ Жолдасбаев Б Қуандық А	Асық ойыны	3 орын



